



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ

БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректор

С.Н.Идрисов

«19» 01 2024 ж.






“БОЛАШАҚ” СПОРТТЫҚ КЛУБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 021

Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КсАҚ	Басылым: екінші
	“Болашақ” спорттық клуб туралы Ереже	2 - бет, 9 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Жастар саясаты департаменті директоры	Г.Саясат		18.01.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		18.01.2024
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Қойшығұлова		18.01.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшығұлова		18.01.2024
	Заңгер	К.С.Куанов		18.01.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“Болашақ” спорттық клуб туралы Ереже	3 - бет, 9 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Негізгі міндеті	4
5	Негізгі қызметі	5
6	Ұйымдық құрылымы	5
7	Құқығы	6
8	Жауапкершілігі	6
9	Қорытынды ережелер	7
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	7
	Танысу парағы	8
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	9

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“Болашақ” спорттық клуб туралы Ереже	4 - бет, 9 беттен тұрады

1. Жалпы ережелер

1.1 “Болашақ” спорттық клубы (бұдан әрі - Спортклуб) «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Университет) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2 Спортклубқа жұмысқа қабылдаудың біліктілік талаптарына сәйкес Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітілген, кафедра меңгерушісі, бөлім бастығы тағайындайды және жұмыстан шығарады.

- жоғарғы білім;
- дене шынықтыру саласында кемінде 5 (бес) жыл және басқарушылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі;
- спорттық атағының, разрядының немесе ФКС саласындағы ғылыми дәрежесінің болуы;

1.3 Өзара алмасу:

клуб төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның міндеттерін белгіленген тәртіппен бұйрықпен тағайындалған тұлға орындайды.

1.4 “Болашақ” Спорт клубы әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректорға бағынады.

1.5 “Болашақ” Спорт клубының жұмысы университет ректоры бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

2 Қысқартулар

Осы ережеде төмендегі қысқарған сөздер қолданылады:

АУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;

АМЖП – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

ӘМЖЖСЖП – Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;

ҚББ – Құрылымдық бөлімнің басшысы;

СМК- Сапа мониторингі кеңсесі.

3 Нормативтік сілтемелер

3.1 ҚР Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды, 02.02.2011 ж. жағдайына толықтыруларымен және өзгерістерімен.)

3.2 "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №1017-ХІІ ҚР Заңы (04.07.2014 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

3.3 ҚР Еңбек кодексі (2007 жылғы 15 мамырда қабылданды, 10.01.2015 ж. жағдайына толықтыруларымен және өзгерістерімен.)

3.4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

3.5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

3.6 Ведомстволық құжаттар АУ;

3.7 Жабдықтар мен жабдықтарға қойылатын талаптар; дене шынықтыру, спорт және бұқаралық іс-шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері; спорттық даярлық жоспарларын жасауға қойылатын талаптар; спорттық спорт ғимараттарын, жабдықтар мен спорт техникасын пайдалану қағидалары; мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру әдістемесі.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“Болашақ” спорттық клуб туралы Ереже	5 - бет, 9 беттен тұрады

4 Негізгі міндеттері

- 4.1 “Болашақ” Спорт клубының алдына университет басшылығы келесі міндеттерді қояды::
- 4.2 білім алушылардың, оқытушылар мен қызметкерлердің дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануы үшін жағдай жасау;
- 4.3 дене шынықтыру құндылықтары мен салауатты өмір салтын насихаттау;
- 4.4 құқық бұзушылықтың, темекі шегудің, маскүнемдіктің, нашақорлықтың алдын алу;
- 4.5 спортпен айналысатын білім алушыларды моральдық және материалдық ынталандыру жүйесін құру;
- 4.6 тәрбие және білім беру жүйесінде ұлттық спорт түрлеріне тарту;
- 4.7 спортты дамыту саласындағы қызметті бөлек қаржыландыруды және экономикалық ынталандыруды қамтамасыз ету;
- 4.8 оқытушылар мен қызметкерлер арасында ұлттық спорт түрлерін және сауықтыру жұмыстарын пайдалану;
- 4.9 спорт секцияларында оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру.

5 Негізгі қызметі

- 5.1 Белгіленген мақсаттарды шешу үшін Спортклуб келесі қызметтерді қамтамасыз етеді:
ЖОО ішіндегі жарыстарды және іс-шараларды өткізу мерзімдерін, орындарын үйлестіре отырып, жоспарға сәйкес басқа да іс-шараларды ұйымдастыру;
- 5.2 Университеттегі және факультеттердегі спорттық-бұқаралық жұмыстың жай-күйі мен даму перспективаларын талдау;
- 5.3 университет білім алушыларының (жеке және құрама командалардың) спорттық акцияларға, турнирлерге, университеттен тыс жарыстарға қатысуына жәрдем көрсету;
- 5.4 білім алушылар мен оқытушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жаңа спорт секцияларын құруға жәрдемдесу;
- 5.5 ұлттық спорт түрлерін дамытудың нысаналы бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- 5.6 қоғамдық спорт бірлестіктерімен және федерациялармен бірлесіп спортшыларды халықаралық және басқа да спорт жарыстарына даярлаудың нысаналы бағдарламаларын әзірлеу және орындауды қамтамасыз ету;
- 5.7 спорт түрлері бойынша кадрларды даярлау, біліктілігін арттыру және аттестаттау жөніндегі қызметті үйлестіру;
- 5.8 спорттық даярлау орталықтарын құру, ұлттық спорт түрлері саласындағы білім беру мекемелері мен ғылыми ұйымдар;
- 5.9 университеттің ішкі процестерін өзектендіру қажеттілігін анықтау мақсатында бөлімшенің құзыреттілігіне қатысты халықаралық тәжірибені және заңнамалық нормативтік талаптарды талдау;
- 5.10 оқу-жаттығу жиындарына, халықаралық жарыстарға, ойындарға қатысуға жалпы бақылау;
- 5.11 командаларды (қонақтарды) қабылдау кезінде спорт объектілерімен қамтамасыз ету. күндізгі оқу бөлімінің 1-2 курс студенттері үшін дене шынықтыру пәні бойынша секциялар бойынша сабақтар өткізу.

6 Ұйымдық құрылымы

- 6.1 Спорт клубының құрылымы университеттің штаттық кестесімен анықталады.
- 6.2 Спорт клубының жоғары басқару органы университет ректоры болып табылады.
- 6.3 Спорт клубының мүшелері-Төраға, менеджер, университет оқытушылары.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“Болашақ” спорттық клуб туралы Ереже	6 - бет, 9 беттен тұрады

6.4 Спорт клубының төрағасы спорт клубы қызметкерлерінің функцияларын дербес айқындайды.

6.5 Спорт клубының штаты 1-2 курс студенттерінің контингентіне байланысты анықталады.

7 ҚҰҚЫҒЫ

7.1 Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін спортклуб құқылы:

- Спортклубын дамытудың ұзақ мерзімді жоспарларын әзірлеу;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттердің алдын алу және т.б. туралы спорттық бұқаралық жұмыстар мен білім беру үдерісін жетілдіру бойынша Университет басшылығының ұсынысын қарауға қатысуға;
- Спортклубтың шараларына қатысу үшін кәсіби спортшыларды, спорт ұйымдарының қайраткерлерін, атақты спортшыларды тарту;
- Халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге кіруге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға;
- Жалпы жиналыстарға қатысуға, спортклуб жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге; ;
- Спортклубтың қызметі туралы ақпарат алуға және өткізілетін іс-шараларға қатысуға;
- Спортклубқа бекітілген мүлікті белгіленген тәртіпте пайдалануға;
- Спортклуб қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, оның ішінде сапа менеджменті жүйелері саласында біліктілігін арттыру.

7.2 Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және СМК жауапты болады. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.

ҚББ-не енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі

Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:

- зандық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
- басқарма төрағасы - ректорының бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
- мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.

Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ереженің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады

8 Жауапкершілігі

8.1 Спорт клубының жауапкершілігі:

- осы Ережемен жүктелген міндеттерді уақтылы және тиісінше орындау;
- белгіленген мерзімдерге сәйкес жұмыс жоспарын орындау;
- белгіленген талаптарды орындауға қатысты мәселелер бойынша жоғары тұрған басшылықты ақпараттандырудың объективтілігі, уақтылығы, толықтығы және дәлдігі;
- қызметкерлермен және білім алушылармен қарым-қатынас этикасын сақтау;
- университет мүлкінің бүлінуінен және/немесе жойылуынан келтірілген материалдық зиян;

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“Болашақ” спорттық клуб туралы Ереже	7 - бет, 9 беттен тұрады

-еңбек тәртібін, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, ішкі тәртіп қағидаларын бұзу;

- қызметтік ақпаратты жария ету;

- еңбек тәртібін, университет Жарғысын, университеттің ішкі еңбек тәртібі ережелерін және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын бұзу.

8.2 Әзірлеу, мазмұны, құрылымы, ресімделуі үшін алғысөзде көрсетілген құжатты әзірлеушілер жауап береді.

9 Қорытынды ережелер

9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.

10 Өзгерістер енгізу тәртібі

10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі.

Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді.

Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді.

Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады.

Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:

-заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;

-Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;

-құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

-құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

-ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.

